



КӨКЕЙКЕСТІ

Тал түстегі төбелес

БЕСТӨБЕ

немесе жұртты жер астына түсірген жұмыссыздық

Бір апта бұрын Бестөбе кентіндегі алтын өндіретін шахтаның жұмысшылары мен күзетшілері арасында қырғын төбелес болды. Төбелестің салдарынан он адам жарақаттанды. Айдың күні аманда, оқ атылып, жұдырықтасуға не себеп болды? Осыған жауап іздеп көрелік.

Степногорск қаласының ішкі істер басқармасына Бестөбе кентіндегі «Қазақалтын» акционерлік қоғамына қарасты шахталардың бірінде жұмысшылар жанжалдасып жатқаны туралы суыт хабар түскен. Хабар жетісімен полиция қызметкерлері оқиға орнына жетіп, араша түскен, жанжалды басуға тырысады. Жалғыз полиция ғана емес, жергілікті атқарушы билік пен прокуратура, облыстық ішкі істер департаменті мен қалалық ішкі істер басқармасы өкілдері сабырға шақырған соң, ашу-ызаға булыққан 300-ге тарта адам үйді-үйіне тарайды. Соңғы дерекке сәйкес ауруханаға 22 наукас жеткізілген. Қазір дауды басу үшін талқылау мен жүздесу өткізілуде.

(Жалғасы 3-бетте)



ГРУЗИЯДА
БЕЙБЕРЕКЕТ
МАЗАЛАМАЙДЫ

4



КҮРМЕҮІ КӨП
ТҮЙІН

5

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Пара бер де
бара бер



(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Бюджетке
берерінен
алары
көп



«МАЙДА-
МАЙДА
ПАСТАР»

8



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

50,19

DOLLAR

336

EURO

383

РУБЛЬ

5,26

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Асығыс баға береміз



Зәуреш АМАНЖОЛОВА: Ал Қарағандыдағы жағдайды бөлек алып қарайтын болсақ, ол кезде оқиғаның себеп-салдары әлі анықтала қойған жоқ еді. Дәрігерлер түгілі, ауруханаға келіп тұрған адамның өзі жағдайын толық білмегені анық.

(Толығырақ 3-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz



@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

Отандық теленарық

Шетелдік арналардың жарнамасы көрсетілмейді



1 шілдеден бастап шетелдік телеарналар эфирінде жарнама көрсетуге салынған тыйым күшіне енеді. Бұл туралы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев facebook-тегі жеке парақшасында жазды.

Естеріңізде болса, бұл заң 2015 жылдың қазан айының соңында қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енуі қажет еді. Алайда кабельдік операторлар тарапынан норманың іске асырылу мерзімін ұзартуға қатысты көптеген өтініштер түсіп, мемлекет кабельдік операторлардың жағдайын түсініп, дайындық уақытына жарты жыл берді. «Осы уақыттың ішінде шетелдік телеарналармен тікелей келіссөздер жүргізілді. Олардың кейбіреуі қазірдің өзінде жарнамасыз контентті ұсынып отыр. Бұған Viasat тобының рейтингілік арналарын (*TV 1000, Explore, History, Viasat Sport және т.б.*) мысалға келтіруге болады. Discovery компаниясымен жүргізілген келіссөзде де біз тиімді нәтижелерге қол жеткіздік, яғни осы компанияға қарасты 15 арнаның 13-і біздің еліміздің Занын орындау үшін

тиісті техникалық жабдықтама сатып алды. Қалған екі арна Қазақстан үшін арнайы бөлек нұсқаларын шығаратын болады. «Басқа шетелдік арналарға келетін болсақ, «Қазтелерадио», «Қазактелеком», «АлмаТВ» секілді еліміздің ірі кабельдік операторлары эфирден жарнамасы алынып тасталған шетелдік телеарналар сигналын жеңілдікпен басқа операторларға ұсынуға дайын. Шағын абоненттік базалары бар кабельдік операторлар 1 шілдеден бастап отандық заңнаманың нормаларын орындамайтын арналарды өшіруге немесе ауыстыруға міндеттеледі. Әрине, техникалық жағынан да, келіссөздер тарапынан да жекелеген қиыншылықтар бар. Алайда біздің министрлік Занның барынша қатаң орындалуын және қазақстандық көрермендерге ешқандай зиян келтірмеу үшін барлық жағдайды жасайды. Бүгінде әртүрлі кабельді

желілер арқылы 150 телеарнаны көріп отырмыз. Оның ішінде 70% - шетелдік. Оларға еліміздің «Телерадиохабар тарату туралы», «Тіл туралы», «Жарнама туралы» заңдарында қарастырылған көп шектеулер қойылмайды. Бұндай жағдай отандық телеарналар мен шетелдік телеарналар арасында теңсіздік орнатуда. Министрдің мәліметінше, көптеген шетелдік арналарда лицензиялау мен сертификаттаудан өтпеген немесе Қазақстан нарығында тыйым салынған тауарлар мен қызметтердің жарнамасы (*мысалы, ішімдіктің*) көрсетіледі. Осылайша, отандық арналар жарнамалық нарық қаражатының қомақты бөлігін ала алмаған. Бұл ақшаға отандық телевизияның жағдайын жақсартып, инфрақұрылымды дамытып, қызықты әрі сапалы қазақстандық бағдарламалар, фильмдер, сериалдар мен шоулар жасауға болар еді. Біз жүргізіп отырған саясат түсіністік тауып, отандастарымыздың қолдауына ие болатынына, жақын арада жағымды нәтиже беретініне сенімдімін».

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Ұстаздың айтқанын орында, істегенін істеме! Шығыс Қазақстан облысында пара алғаны үшін сотталған мұғалім директордың орынбасары қызметін атқарып келген.

Пара бер де бара бер

2013 жылы бас бостандығынан айырылған Л.Қазак Шемонаиха ауданындағы Астафьев атындағы гимназия мектебінде неміс тілінен сабақ беріпті. Кезінде қызметін асыра пайдаланған жемқор тәлімгерді жұмысқа қабылдаған директорда енді жауапқа тартылады.

АПТАНЫҢ ДИАЛОГЫ



Кәрім МӘСІМОВ, Премьер-министр:

– «**Сонымен Қашағанды қазан айында іске қоса аламыз ба?**»

Кәрім МӘСІМОВ:

– **Сол жаққа түкірсеңіз, Досаевқа («Бәйтерек холдингінің басшысы-ред»). Оң жаққа түкірсеңіз, Бишімбаевқа (экономика министрі-ред) тиеді»**

Қанат БОЗЫМБАЕВ, Энергетика министрі:

– **«Бәлкім, түкіріп қояйық»**

Қанат БОЗЫМБАЕВ:

– **«Қай жаққа түкірсек те, Қашағанды қазан айында іске қосу қажет»**

Сөз-жебе

Семейдегі ақша қайда?



Татьяна ЯКОВЛЕВА, Мәжіліс депутаты

«Семей қаласындағы онкодиспансер іске қосылмаған. Бірақ олар 6 млрд теңгені игеріпті. Сонда іске қосылмаған нысанға қалай ақша бөлінген? Демек, ешқандай бақылау жоқ. Тұрғын үй бағдарламасына да қатысты түсініксіз жайт бар. Бұл арада үкімет игерілмеген соманы 25 миллиард теңге деп көрсетеді. Ал бағдарламаның орындалуы көрсеткіші 106,6 пайыз. Яғни асыра орындалған. Сонда бұл қалай болғаны?..»



Срайыл СМАЙЫЛ

КӨРПЕСІН ӨЗІНЕ ТАРТҚАН



Әкім таңқалды Инвестор бас изеді

Дон СЮЕФЕН, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» компаниясының сатып алу жөніндегі департамент директоры:

«Қантар-маусым айлары

аралығында алған тауарымыздың 30 пайызы Қазақстанда өндірілген. Ал жұмыс пен қызмет түрлері 90 және 95 пайызды құрайды.

Бердібек САПАРБАЕВ, Ақтөбе облысының әкімі (басын шайқап):

— Жұмыс пен қызмет түріне қатысты қазақстандық үлес 90-95 пайыз болса жақсы екен. Ал тауар үлесі нәліктен 30 пайыз-ақ?! Бұл дегеніміз — сіздер тауарды сырттан, дұрысы Қытайдан алдыртасыздар. Солай ма?! Біз сіздермен серіктестік бағдарламаға қол қойғанда, сырттан жеткізілетін тауар көлемін азайту туралы уағдаластық. Кейбір өнім түрлері Қазақстанда да бар. Қол қойылған бағдарламалар қағаз жүзінде емес, іс жүзінде орындалсын. Шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында, импорт тауарларын азайту үшін серіктестік бағдарламаларға қол қойдық. Қытайда осындай экономикалық саясат бар емес пе?! Қазақстанда да сондай экономикалық саясат бар. Түсіндіңіздер ме?



Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

ҚОР БОЛҒАН ҚАРЖЫ - 1



АТЫРАУ, Исатай ауданы:
70 млн теңгеге салынған емхана

Дереккөзі:
365.kz

Әлеумет.т⁰

Орта дәулетті

Оңтүстік өңірдегі дикан Оспанәлі Тансықбаев жылыжайда лимон өсіріп, 11 тонна қазаққа таңсық жеміс жинапты. Бұл Қазығұрт ауданындағы жалғыз лимонарий екен. Сөлтүстікпен салыстырғанда егістік жері аз, халқы көп, жұмыс орны тапшы аймақта ауыл шаруашылығына арқа сүйе бастапты. Жер игеруге жақындау көрші өзбек пен тәжіктің, қала берді Иран мен Ауғанстаннан көшіп келген қандастарымыздың да ықпалы болған шығар. Өсірген өнімін тікелей Ресейге жіберетін шаруа қожалықтары да кездеседі. Жалпы, «Қолы қимылдағанның ғана ауызы қимылдайды» дейтін нарықтың катал ережесін басқалардан бұрынырақ түсінген де осы фермер қауымы.

Бұдан біраз бұрын Оңтүстік Қазақстан облысын басқарған Асқар Мырзахметов (*Үкімет басшысының орынбасары — Ауыл шаруашылығы министрі*) Жетісу өңіріндегі қызылша жинау көлемі 7 есе артқанын хабарлады. Бұл егіншіні айтпағанда, қант шығаратын кәсіпорынның да, зауытқа қайта оралған жұмысшының да жағдайы жақсарды деген сөз. Осы екі мысал ауылдың мұнайға сеніп, тығырыққа тірелген экономикада еленбей жүрген әлеуетін көрсетеді. Ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерлікті іс жүзінде (*қағаз бетінде емес*) жүзеге асыратын нақты бағдарлама, арнайы банк, қолжетімді құрал-сайман, қолайлы қарыз (субсидия) болса, дикан мен малшының бүкіл елімізді отандық азық-түлікпен қамтамасыз етуге қауқары жеткілікті. Олар Америка, Еуропа, тіпті Түркиядағы әріптестері секілді қоғамда беделі биік нағыз орта дәулеттіге айналар еді.

Ірі жобалардан ғана сөз етіп үйренген үкімет осы аптада шағын және орта кәсіпкерлікке ден қоятынын мәлімдеді.

Экономикаға құйылатын қосымша 240 млрд теңгенің бір бөлігі осы салаға бағытталады. Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев осылай дейді. Бірақ осы қаржы шағын кәсіпкерге қалай жетеді? Орта жолдағы пысықайлар қағып кетпей ме? Қиын сұрақ. Министрге жүгінесек, орта және шағын бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 26 пайыздан 25-ке дейін азайыпты. Алайда сарапшылар мұнымен келіспейді. Олар дағдарыс бұл көрсеткіштің шын мәнінде 15 пайыз төңірегінде екенін көлденен тартып, АҚШ пен Германияны мысалға келтіреді. Бұл елдерде көрсеткіштің 75 пайызға дейін жететіні, дағдарыс кезінде дәл осы орта және шағын бизнестің экономиканы тығырықтан алып шығатыны көпшілікке белгілі. Соны ескерген мемлекет аталған саланы қорғап, қолдап отырады. Түркия үкіметі кезінде Анкара қаласының маңында ұсақ-түйек бұйым жасайтын кәсіпкерлерге шеберхана ашып берді. Кейін ол үлкейіп, инеден бастап, мәшиненің моторына дейін шығаратын үлкен орталыққа айналды. Қасынан дүкендер ашылды. Ірі кәсіпорындар кейбір бөлшектер үшін тапсырыс беретін болды. Ірі және шағын бизнестің арасында іскерлік байланыс орнады.

Осыдан біраз бұрын біздің үкіметтің араласуымен сондай орталықты елімізде құру жөнінде уағдаластық жасалды. Ол да қағаз бетінде қалып қойды ма, кім білсін? Әйтеуір, тым-тырыс.

Көкейкесті

(Басы 1-бетте)

Бұл өзі бүгін ғана пайда болған дүние емес. Талайдан бері толғандырып келе жатқан тақырып. «Жас қазақ» газетінің бетінде 2014 жылғы көктемде «Алтын іздегендер» деген тақырыппен Бестөбенің басына көптен бері қонақтап қалған проблеманы жазғанбыз. Жалғыз басындағы емес, жер астындағыны да. Сипай қамшылап, бетінде қалқыған жоқпыз. Мәселенің анық-қанығын білу үшін жер астына түсіп, алтын қазғандардың шалғайына ілесе жүріп, көрдей қараңғы, бәлкім, көрден де қараңғы 900 метр терендікте болып қайтқанбыз.

Бестөбе кенті әкімшілік-территориялық жағынан Степногорск қаласына қарайды. Кешегі Кеңес заманында кенттің қан тамыры қалыпты соғып тұратын. Қазіргі сыртқы кейпі алғаш кәсіпкерлерден қарадан-қарап көңілін түсіретіндей. Тұрғын үйлердің көпшілігінің сырты қара қошқыл, шаң-тозан. Көшеде рет, тазалық жоқ. Атам қазақ әуел баста әр елді мекеннің атауын өзіндік бір ерекшелігіне байланысты қойса керек. Бестөбенің де әне бір кезде төңірегінде Арқаның ақ боранынан, жел құзынан қорған болар бес төбесі болған-ақ шығар. Қазір төбе әлденешеу. Төбе де емес, кішігірім тау іспеттес. Оның барлығы шахтаның астынан шығарылған кен қалдығы. Кенттің ана тұсында, мына тұсында андыздап, алыстан менмұдалап жанарынды жасқайды.

Бестөбенің алтын шахтасы туралы жаяу әңгіме тоқсаныншы жылдардың басында, елді жаппай жұмыссыздық жайлаған кезде гулеп тұратын. «Пәленшекендер жабылып қалған шахтаның астына түсіп, өз бетінше алтын іздеп жүріп, керемет қазынаға жолығыпты, ат басындай алтын тауыпты» — деген алыпқашты сөз алыстан арбайтұғын.

Негізінен, мұнда төрт шахта бар. «Восток», «Запад», «Новый» және №2 шахтасы. Бірнеше серіктестік ішінара



Кейін бұл шахтаны Канада да, Қытай да алған. Іргедегі Ресей кәсіпкерлері де бірер жыл төңіректеген. Қазір жұмыс істемейтін шахталардың аузына күзет тұр. Дегенмен, ел әлі де жер астына түсіп жатыр. Күзет тұрғанымен, алтын көрсе, періште де жолдан таймай ма?

қыруар күш керек. Егін егілмейді. Егін егілмеген соң, сабан да, уысты құлақ жем де жоқ. Ендігі қалғаны жалғыз шахта. Орта мектепті бітіргеннен кейін өзім қалаған мамандық бойынша білім алғым келді. Бірақ өмір бойы қара жұмыс істеп қажыған әке-шешемді қинағым келмеді. Осы шахтаның маңында ғұмырым өтті. Үстінде емес, көбіне астында. Өзім еңбек етіп, аздап тиын-тебен жинап, оқу ақысын төлейтін, өзімнің күнкөрісіме жетерлік қаражат жинағым келді. Мынау жер астында күн кешіп жатқан ат төбеліндей қауымның да жетісіп жүргені шамалы. Бұл өңірдің тумасы Әлібек Шәріповтің жүрекжарды толғанысы.

Асылы, төбелестің нақты себебі ресми ақпаратта айтылмағанымен, шынтуайтында, былай болғанға ұқсайды. Жер астынан жұмыс кезегін өтеп шыққан жұмысшылардың үсті-басын, қойны-қонышын күзетшілер тексермекші болған. Алтын ұнтағы немесе сом алтынды да жасырып ала шығуы әбден мүмкін ғой. Ал жұмысшылар тұла бойын тіптікісі келмей, тітіркенген. Келіспеушілік, міне, осы аралап туындайды. Тартынғандарына қарағанда, бір күдіктің де болуы әбден мүмкін. Негізінде, Бестөбе жұрты нәпакасын жер үстінен емес, астынан іздейді. Тастанды шахталарға топ-топ болып түсіп жатыр. Енді қайтсін, басқа лаж жоқ.

— Егер тұрақты жұмысымыз болып, ай сайын жалақымызды алып тұрсақ, қауіп-

жұмыс істеп тұр. Нақты иесін, ар жағында кімдер тұрғанын анықтау мүлде мүмкін емес. Ондаған жылдар бойы жұмыс істеп тұрған кеніштің алтын қорының азаюына байланысты жұмысы тоқтатылды. Кейін бұл шахтаны Канада да, Қытай да алған. Іргедегі Ресей кәсіпкерлері де бірер жыл төңіректеген. Қазір жұмыс істемейтін шахталардың аузына күзет тұр. Дегенмен, ел әлі де жер астына түсіп жатыр. Күзет тұрғанымен, алтын көрсе, періште де жолдан таймай ма?

Бестөбеліктер «Бізге жердің үстіндегі адамнан, астындағы адам көп», — деп әзілдейді. Шынында да, солай тәрізді. Шахтаның асты толған алтын іздеген адам. Апталап, тіпті айлап жер астында жүрген адамның адам сыйқы қалмайды екен ғой. Жуынатын жер жоқ. Киім топыраққа баттасқан.

— Бестөбенің іргесіндегі бұрын Кеңес дәуірінде «Қайрат» кеңшарына қараған Жасқайрат ауылында туғанмын. Қайрат орта мектебінде білім алдым. Заманында кеңшар орталығы Қайрат ауылында 250-ге жуық шаңырақ бар еді. Ал Қайраттың бөлімшесі, менің туған ауылым Жасқайратта 50 үй болатын. Қазір Қайратта небәрі 50-60 үй қалды. Ал біздің ауылда отыз үй бар. Көкшетау төңірегіне, Астана қаласына көшуге қауқары барлар көшіп кетті. Ең өкініштісі, шок жұлдыздай шағын ғана Жасқайрат ауылы Елбасының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Жүз аурухана, жүз мектеп» бағдарламасына енгізіліп, жана мектеп салынды. Шалғайдағы шағын ауылдың тұрғындарының түсіне де енбейтін ғажап ғимарат, атшантырым спорт залы бар. Қазір мектепте бар жоғы 25 оқушы білім алады. Түптің түбінде одан да азайып, білім ошағының мүлде жабылып қалуы да әбден мүмкін. Ұлтымызды ұйыстырып, ақ бесігі болып отырған ауылдар осылай біртіндеп жабыла берсе, не болмақ? Іргедегі Жуантөбе ауылында қазір екі-ақ үй қалды. Жұртта қалған екі үйдің ендігі тіршілігі күңгірт. Қабағына қырау қатып, қыс келісімен жол қатынасы мүлде үзіледі. Ауылдағы ағайынның қажетіне жарап тұрған жалғыз дүкенге азық-түлік жеткізілмей, қаусаған көрі шешелеріміздің бір-бірінен бір шөкім шай сұрап, жанарымен жер шұқып жүргендігін көзіміз көрді. Жалғыз Жасқайрат қана емес, төңіректегі ауылдардың тыныс-тіршілігі толайым осындай ғой. Ауылда жұмыс жоқ. Жалғыз мал сүмесімен ғана күн көріп отырмыз. Бестөбенің төңірегі тастақ, шөбі аз, адырлы болып келеді. Ал қыс тым-тым ұзақ. Қолға қарайтын малды ұстау үшін де

кәтері көп жер астына түсетін жыңды емеспіз ғой, — дейді Жасұлан Омаров. Өткен жылы Ақсу кентінде кен тасын уататын алтын диірменін ұстайтын екі жігіт ұсталды. Олардың үйінен әлденеше килограмм кен табылды. Бірақ өздері Ақсудың мектебіне, жетім-жесірге көмек қолын созып тұратын қайырымды азаматтар еді. Содан шығар, Ақсу жұртшылығы аудан, облысқа шауып, біраз ереуілдеді. Сол кездегі аудан әкімі Мұратбек Тақамбаев та келіп, халықпен жүздесу өткізді. Бірақ занның аты зан. Қалай болған күнде де тәртіп бұзған адам жазалануы тиіс. Бір жағынан, алып қарасан, жаңағы жігіттердің ешкімге залалы жоқ. Қайта халыққа қолынан келгенше көмектесіп жүрген азаматтар. Екінші жағынан, тәртіп бұзып отыр. Осындайда қай жағына да шығарынды білмейсін.

Бұл жолғы жұмысшылар мен күзетшілер арасындағы келіспеушілік те дәл осындай жағдайда. Күнкөрістің мәні кеткен жұмысшылар аздаған кенді жасырып алып та шығуы мүмкін. Күзетші тексерсе, ол оның міндеті. Сол үшін жалақы алады. Бестөбедегі төбелес орын алған күні Қонысбай құрдасымының үйіне бас сұққанмын. Басына екі құс жастық жастанып, сойған түйенің жарты етіндей болып, төңкеріле түсіп, етпетінен жатыр екен. Жамбасына шикан шығыпты. Кәдімгідей сүйекті жарып. Өзі көре алмаған дүниесін, маған да көрсеткен жоқ. Көрсетпесе де түсіндім. Аяп кеттім. Дәрігерге неге бармайсың деп ақыл айтқан болдым. Өзегін алып тастаса, тез жарылар еді ғой.

— Өзі жарылады, — делі Қонысбай, — осы алтыншы шығуы. Тағы біреу шығады. Сосын басылады.

Бестөбедегі жағдай тағы да көз алдыма елестеген. Қонысбайдың шиканы сияқты дүние ғой. Әлденеше рет сыздап, бетіне қара қаны шығып, жарылуға шақ тұр. Осының өзін қайтып шықпастай етіп, өзегін алып тастаса қайтер еді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

P.S «Қазақалтын» басшылығы жұмысшылардың талабына қатысты жауап берді. Кәсіпорын директорының кеңесшісі Мәрат Қойшыбаев «Жұмысшылар кеніш басшылығын, күзетшілерді орнынан бостанды талап етіп отыр. Олардың орнына өз өкілдерін қоюды ұсынды. Бұл талапты орындау мүмкін емес», - деді. Ол жалақыны 50 пайызға арттыра алмайтынын да жеткізді.

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



Қарағанды облысында «Сібір жарасы» ауруына шалдыққан малдың етін жеп, екі адамның ажал құшқаны белгілі. Қазір болған оқиғаның жай-жапсары жан-жақты айтылып, жазылып жатыр. Кейбір ақпарат көздерінің хабарлауына қарағанда, сол көз жұмғандардың бірі – Кәкен Қажыкенов өзін жайсыз сезінген бойда Шет ауданынан бірден қалаға жеткізіледі. Алайда ешбір аурухана дер кезінде қабылдамаған. Аумақтық дәрігерлік бөлімшенің арнайы қағазын сұратып, біраз әуреге салса керек. Дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетілмегендіктен, салдарынан соқталдай азамат көз жұмды. Бұл жағдай марқұмның ағайын-туғандарын ғана емес, былайғы жұртқа да жайсыз тиді. Ақ халатты абзал жандар осындай қысылтаяң сәтте қағаз-құжатты былай қоя тұрып, адам өміріне араша тұруға ұмтылуы тиіс еді. Әлде, дәрігерлер үшін де адам өмірінен қағаз қымбат бола бастады ма? Осы сұрақты Мәжіліс депутаты Зәуреш Жұманәліқызының алдына көлденең тартқан едік.

Зәуреш АМАНЖОЛОВА, Мәжіліс депутаты:

Асығыс баға береміз



«Біз болған жайға көбіне асығыс баға береміз. Мәселенің мән-жайына теренірек үнілуден қалып бара жатқан сияқтымыз. Соның салдарынан қоғамда теріс пікірлер көбейіп тұр. Медицинада дәрігерлердің наукас адамды шұғыл қабылдайтын кездері көрсетілген. Мәселен, жоғары температура, жол-көлік оқиғасынан және сол сияқты төтенше жағдайдан зардап шеккендер жеткізілгенде, тағы басқа жағдайларда наукастар жедел қабылданып, уақыт өткізбей, медициналық көмек көрсетіледі. Сол сияқты эпидемиялық жағдайда да наукас жедел

қабылдануы тиіс. Ал Қарағандыдағы жағдайды бөлек алып қарайтын болсақ, ол кезде оқиғаның себеп-салдары әлі анықтала қойған жоқ еді. Дәрігерлер түгілі, ауруханаға келіп тұрған адамның өзі жағдайын толық білмегені анық. Қаладағы ауруханалардың өз мүмкіндігі бар. Біреуі күніне 80 адам қабылдаса, екіншісі 40-тан артық сырқат ала алмайды. Осы жағдайды да ескерген абзал. Наукасты бірден емханалардың біріне апарып қарату керек еді. Не болмаса, аумақтық емханалардың бірінде жедел қаратып, соның қорытындысымен облыстық немесе одан да жоғары емдеу орындарына жөнелтуге де болады. Егер аймақта карантин жарияланғаны, эпидемиялық жағдай орын алғаны белгілі болса немесе наукастың өзі осы жайлы мәлім етсе, әрине, кез келген емдеу орны оны шұғыл қабылдар еді. Ол кезде әлі ештеңе анық болған жоқ. Сондықтан бұл жерде өз басым біреуді кінәлаудан тартынар едім».

Мендолла ШАМУРАТОВ

ҚОР БОЛҒАН ҚАРЖЫ - 2



Атырау қаласы:

мына гүлзарға 534 мың теңге бөлінген

Дереккөзі: Ақжолық

Біздің сұхбат

Жас казак: Омархан Нұртайұлы, «Бәйтерек» холдингі сыртқы қарыздарды қандай максатта алған және ол өз мақсатына жұмсалып жатыр ма?

Омархан Өксікбаев: «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің негізгі мақсаты — экономикамыздың басым секторларына сыртқы инвестицияларды көбірек тарту, отандық кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету, еліміздегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру, осылайша,

компанияларының жалпы қарызы бүгінде 4,9 млрд АҚШ долларына жетіп отыр. Ол қарыз ақшалардың тиімді жұмсалып жатқанына көзіміз жетіп отырған жоқ. Оның үстіне холдинг 2015 жылдың желтоқсан айында Қытай банкінен (*China Development Bank*) 200 млн АҚШ доллары көлемінде қарыз алған болатын. Ол қаржы да ешқандай жобаға салынбады, әйтсе де жарты жылдан бері Қытай банкіне келісімге сәйкес пайыздық төлемі қайтарылуда. Сондай бұл қарыз қандай мақсатқа алынды? Біз осы сұрақты өзіміз қоюға мәжбүр болдық. Бірақ оған нақты жауап ала алмадық.

екінші деңгейдегі банк жасырын дивиденд түрінде пайыздық өсімдер төлей бастайды. Сондықтан да холдинг мақсатты қаржыны еншілес компания арқылы негізгі тұтынушыға жеткізгенше, өз есепшотында көбірек ұстайды. Яғни бюджеттің ақшасы арқылы банктің пайыздық өсімінен пайда тауып келген. Жеңіл жолмен келген ақшаға құныққан холдинг өздеріне көзделетін

Жақында Мәжілістің қаржы және бюджет комитетінің отырысында бір топ депутат «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингін әбден сынады. Мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқарады деген құрылым, өзі сол ақшамен күн көріп келіпті. Онымен қоймай, сыртқы қарызға да белшесінен батса керек. Холдингке қатты шүйліккен Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаевқа біз де бірер сауал қойып, мәселенің мән-жайына қанығуға тырысқан едік.



Омархан ӨКСІКБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

кінәсінен осындай 8 инвестициялық жоба тығырыққа тіреліп тұрған көрінеді. Орайы келгенде айта кетейін, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ның бірқатар инвестициялық жобаларының сәтсіздігі анықталды. Агенттіктің 2006-2011 жылдары жұмыс істемей қалған 2,6 млрд теңге көлеміндегі инвестициясының тек 141,2 млн теңгесі ғана қайтарылды. Оның 131 млн теңгесін «AB Metals» ЖШС қайтарса, «Құрылысшы» ЖШС 10,0 млн теңге, «Бизнес-телеком» 0,2 млн теңге қаржыны кері құйған.

Жас казак: Холдингке қарасты «Қазақстан даму банкіне» де қайтарылмаған қаржы көлемі көп сияқты...

Омархан Өксікбаев: Иә, бұл банк қызметінің тиімсіздігі негізінен көптеген проблемалық жобалардың

БЮДЖЕТКЕ БЕРЕРІНЕН АЛАРЫ КӨП



ұлттық қор мен мемлекеттік бюджеттен осы мақсаттарға бөлінген қаржыны ел қазынасына кіріспен қайтару, яғни қаржы ресурстарын тиімді басқару болуы тиіс. Бірақ холдинг атаған мақсаттарға әлеуетті инвесторларды іздеу орнына сырттан қарыз алумен көбірек айналысып кетті. Мәселен, тек өткен жылдың өзінде сыртқы қарызы 1021,1 млрд теңгеге өскен. Холдинг пен оның еншілес

Жас казак: «Бәйтерек» холдингіне соңғы үш жыл ішінде мемлекет 365,4 млрд теңге қаржы құйғаны айтылды. Сонда бұл қаржыдан инвестициялық жобаларды игеруге бір тиын да салынбаған ба?

Омархан Өксікбаев: Ұлттық қор мен республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларға бағытталған қаржы холдингтің еншілес компаниялары арқылы бөлінеді. Көп сатылы әртүрлі деңгейдегі келісімдер жасау — ұзақ процесс. Осылардың бәрінен өтіп, қаржы негізгі тұтынушыға жеткенше жарты жыл, кейде одан да көп уақыт кетеді. Ал бұл аралықта холдингтің бақылау есепшотына түскен қаржыға

шығын мөлшерін 2015 жылы белгіленген жоспардан 0,7 млрд теңгеге асырып жіберген. Инвестициялық жобаларға қаржылардың уақытылы жетпеуі, қаржылық шығындар мен тиімсіз инвестициялық салымдар салдарынан бүгінде көптеген жоба жүзеге аспай қалды. Соның бірі — құрылыс саласына арналған минеральды мақта өндіретін зауыт құрылысы. 2010 жылдан бері бизнесмендер «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-нан (НАТР) бұл жобаға байланысты не техникалық құжаттамаға, не қаржылық қолдауға қол жеткізе алмай жүр. «Атамекен» ҰҚП-ның мәліметіне қарағанда, жоғарыдағы агенттіктің

пайда болуына байланысты. Сондай 36 жоба «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ-на берілген. Банк мәліметіне қарағанда, оған дейін бұл жобалар бойынша берешек негізгі қарызбен коса сыйақы, өсім және айыппұлдармен қосып есептегенде 344,9 млрд теңге болған. Ал ол жобалардың қорға берілетін күнгі нақты балансы құны 16 пайыз көлемінде, яғни 47,4 млрд теңге ретінде тиянақталған. Қалған расталмаған бөлігі — 300 млрд теңге қайда екені белгісіз. Екі жыл көлемінде қайтарылған қаржы 12,9 млрд теңге ғана, қалған бөлігі 2025 жылға дейін ұзартылған.

Сұхбаттасқан
Мендолла ШАМУРАТОВ

Жауабы

Аптаңның

Сауалы

– Отандас-тарымыз зейнетақы қорына жинаған қаржысын мерзімінен бұрын шешіп алуына жағдай жасалуы мүмкін бе?

Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк төрағасы:

«Әлемде азаматтың баспанасы жоқ болса, онда оған тұрғын үй сатып алуға зейнетақы қорындағы ақшасын пайдалануға рұқсат беретін елдер бар. Біз бұл тәжірибені зерттеп жатырмыз. Әрине, ондай мүмкіндікті отандастарымызға ұсынған тиімді болар еді деп ойлаймын. Зейнетақы жасынан кейін де өз өмірін қамсыздандыра алатын отандастарымыз бізде баршылық. Жалпы, бұл – өте үлкен мәселе. Бұл мәселені біз үкіметте талқылап жатырмыз. Мен мұндай мүмкіндікті қарастыруға қатысты пікір білдіруге асықпас едім»

КӨРСЕТКІШ



Асқар МЫРЗАХМЕТОВ,
ауыл шаруашылығы министрі:

Өткен жылы **174 мың тонна** қант қызылшасы өндірілді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 7 есе көп. Әрине, бұның көбі Жетісу өңірінің үлесі екендігі белгілі.

ОҚШАУ ОЙ

Арманжан БАЙТАСОВ, *медиакәсіпкер:*

ГРУЗИЯДА БЕЙБЕРЕКЕТ МАЗАЛАМАЙДЫ



«Грузияда салықтың небәрі 6 түрі қалғанын естіп, танқалдық. Амалсыз Қазақстанмен салыстырасын. Бізде салықтың түрі көп. Бәрі күрделі. Қай жерде неден кінәлі болып шығатынындай да білмей қаласың. Егер біздің экономиканы инвестицияға тартымды еткіміз келсе, салық жүйесіне бірдеме жасау керек. Бітпейтін тексеру мен тексерушілер бар. Жемқорлықты ауызға алмай-ақ қояйын. Сол Грузияда ұсақ мөлшерде пара беру деген атымен жоқ. Кез келген құжатты рәсімдеу мен төлем жасау жария түрде жүргізіледі. Грузияда ұсақ жемқорлықты жеңіпті. Демек, бұл кеселдің тамырына кез келген елде балта шабуға болады. 90-жылдары мен көрген Грузиямен қазіргі елдің айырмашылығы жер мен көктей.

Айтпақшы, бұл ел іс жүзінде үш тілді. Ол жерде грузин, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлейді. Сонысымен тартымды. Дамыған мемлекеттерден, сондай-ақ таяу шетелден келген кәсіпкерлер мен туристер (*аудармашы ізден*) қиналып жатпайды. Грузия осы ерекшелігімен де Қазақстанға үлгі.

Турист демекші, Грузияның халқы 3,7 млн адам десек, бытыр 6 адам мұнда қонақ болып қайтыпты. Вице-премьер Димитрий Кумсишвили 2020 жылға қарай елге 11 млн турист келеді дейді. Елеулі көрсеткіш! Туризм саласына 200 мың адам тартылған. Бұл Грузиядағы енбекке жарамды тұрғындардың 10 пайызынан асып жығылады.

Бұл да біздің еліміз үшін өнеге. Туризмді дамытуымыз қажет. Шетелдіктер осында келуге қызығатындай жағдай жасау керек. Өйткені, туристпен бірге шетелден ақша да келеді.

forbes.kz

КЕРІ ТАРТҚАН



Бізде қолдаудан бақылау көп

«Кәсіпкерді қадағалайтын 61 орган бар». «Кәсіпкерлік саласындағы прокуратура қадағалауы» атты форумда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев осылай деп мәлімдеді.

Құлыбаевтың айтуынша, өткен жылы 54 мың рет кәсіпкерлердің жұмысын тексерілген. Оларға кедергі келтірмей, кәсібімен айналысуға мүмкіндік беру керек деп отыр. Соңғы уақытта бизнес өкілдерінен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасына 12 мың шағым түскен. Соның 4800 жағдайында мемлекеттік органдар заңсыз айып тағыпты. Палата төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев кәсіпкерлерге тағылған айыптардың 42 пайызы заңсыз екенін айтты. Ол «Елімізде қадағалау және бақылауға құқығы бар 61 мемлекеттік мекемеге қызмет көрсету үшін шағын және орта бизнестің қанша штат ұстау қажет екендігін түсінесіздер ме!», — деді.

СЕРПІН



Заманауи ғылым — ақпараттық технологияда

Жуырда «Пресс Центр Азия» қоғамдық қоры Samruk-KazynaTrust Бас серіктесінің қолдауымен «Ақпараттық технологиялардың заманауи жағдайы» атты конференциясын өткізді.

Конференция «Zhastar UP» жастарды оқыту жобасы аясында өтті. Оған IT саласының мамандары мен қоғам қайраткерлері қатысып, өз ойымен, тәжірибесімен бөлісті. Intellect Incubator қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нұрлан Жанай, «Сұрақ-жауап» сайтының негізін қалаушы Ербол Серікбай өз жобалары туралы айтып, сайт рейтингін көтеруде қандай қиындықтар кездесетінін айтып берді. Ал саясаттанушы Бақытжан Бұқарбайдың айтуынша, сайттарға неше түрлі ақпараттарды жариялау арқылы оқырманның санасын ұлап жатырмыз.

Б.Бұқарбай: «Журналистер мен блогерлер жаңалық ұсынуда аудиторияның талғамына сүйенеді. Мысалы, қант диабетінен қайтыс болған адамның тағдырынан гөрі, жазатайым қайтыс болған адам туралы жаңалық көбірек оқылады. Өз басым биыл бала өлімі туралы жаңалықтарды жиі кездестірдім. Журналистер осындай жаңалықтарды көп жағдайда күнін көру үшін жарияласа, блогер және блогерсымақтар оларды трендтен қалып қоймау үшін қайта жариялайды. Біз осындай жаңалықтарды жұтып, санамызды ұлап келеміз», — дейді.

Ажар ЖАНБОЛАТ

Басқосу

АЙМАҚ



5

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Алматы облысында Жер реформасы бойынша комиссия мүшелерінің отырысы қызу да, тартысты өтті. Жиынға Премьер-Министрдің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы Бақытжан Сағынтаев, Премьер-Министрдің орынбасары-Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Алматы облысының тұрғындары мен жергілікті фермерлері қатысты.

мүшелерінің бұдан кейін жүйелі жоспары болуы керек. Сол жоспарға сәйкес жұмыс жасауымыз үшін.

Осыған дейін Шенгелді ауылында болдым. Ондағы 100-ден астам адам бірауыздан «Жер сатылмасын, жалға да берілмесін, латифундистерге жол жоқ» — деген пікірді қолдап, қол жинап берді. Мен осыны ресми түрде штабка тапсырамын.

«ХАЛЫҚТЫҢ ПІКІРІ БІР»

Комиссия төрағасы Бақытжан Сағынтаев жиынды қорытындылай келе, шаруаның бір жүйеге келіп қалғанын атап өтті. Ол: «Комиссия отырысының жөн-жобасы дұрысталып келе жатыр. Жер реформасы жөніндегі комиссияның отырысы нағыз пікірсайыс алаңына айналды. Иә, мұндай мәселе көшеде емес, осындай отырыстарда шешіледі. Біздің бір жөнге келгендей түріміз бар. Мысалы, жерді жалға беру мәселесі. Қайда барсақ та, оған қарсылық болып жатқан жоқ. Халықтың пікірі бір жерден шығып жатыр. Оған ешкім қарсы емес. Екінші мәселе, шекара маңындағы жерлер. Бұл сұрақ та бір жүйеден шығып

келе жатыр. Мысалы, бізде заң бойынша жерді шекарадан үш шақырым қашықтықтан ғана жалға беруге болады. Бүгін оны 100-200 шақырымға жеткізу туралы ұсыныс айтылды. Енді бұл жағын мамандар шешуі керек. Тағы бір мәселе — жайылымдық жер. Яғни ауыл тұрғындарына ауылдың айналасынан белгілі бір радиуста жайылымдық жер беру. Оның ені 10 шақырым бола ма, 20 шақырым бола ма, оны да шешу керек. Өйткені, бұл туралы да халықтың пікірі бір жерден шығып жатыр. Бұл жерде мемлекеттің өз нормалары бар. Ауыл айналасындағы жерлердің қазір жекеменшікте болуы әбден мүмкін. Сондықтан, сол жерлерді тұрғындардың мүддесі үшін, жайылымдық жерге айналдыру мақсатында мемлекет қажеттілігіне деп сатып алу керек шығар деп ойлаймын. Шығындарын төлеп, ол жерлерді жайылым ретінде тұрғындарға берсе, олар малдарын жайып, пайдасын көрер еді».

Жалпы алғанда, барлық аудандар жерді 49 жылға жалға беруді қалпында қалдыруды қолдады. Екі

Күрмеуі көп ТҮЙІН

Бес сағатқа созылған алқалы жиын барысында барлығы 73 адам сөз сөйлеп өз ойын ортаға салды. Одан тыс облыстағы барлық аудандар онлайн байланысқа шығып, жерді сату және жалға беру мәселесіне өз пікірін білдірді.

Бүгінгі күнге дейін штабтың қармағынан құрылған колл орталыққа 9500-дей қоңырау келіп түсті. Соның 73-75 % әлі де болса 10 сотыққа байланысты. Ал Алматы облысы бойынша 500-ге тарта қоңырау келсе, соның 1,3 % ғана жер кодексіне байланысты болған.

Жері шұрайлы Жетісу өлкесінде 8 миллион 632 мың гектар жер ауыл шаруашылығына жарамды. Бұл алқаптың әр гектары игеріліп, көдеге асуы тиіс. Отырыс барысында шаруалар осы мәселеге кенінен тоқталды. Ашық пікір алаңы болғандықтан, әркім өз ойын ашық ортаға салды.

«ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ АРЕНДАҒА БЕРУДЕН НЕГЕ ҚОРҚАМЫЗ?»

«Жер-Ана» (Талдықорған) өндірістік кооперативінің жетекшісі Абай Әбділдин жердің жекеменшікке берілгенін қалайды. Ол: «Өзім 40 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп келемін. Өз басым жердің жекеменшікке сатылуын қолдаймын. Егер жер жекеменшікке сатылатын болса, ол жердің иесі болады. Ал иесі бар жер болса, оның күтімі болады деген сөз. Жердің сапасы жақсаратын болады.

Жерді сату керек, жекеменшікке беру керек. Менің таңқалатыным, теледидар көрер, газет-журнал оқимын сондағы жер реформасы жөнінде әр түрлі пікірлер айтылады. Әсіресе оппозиция тарапынан «Жер біздің — анамыз» оны қалай сатамыз деген пікірді оқимын. Шетелдіктерге арендаға беруден неге қорқамыз. Шетелдіктер келіп жаңа технологиясын беріп, жаңа тұқымын қалдырып жатса, игі емес пе».

«САТЫЛМАСЫН, ЖАЛҒА ДА БЕРІЛМЕСІН»

Ал «Самат» шаруа қожалығының жетекшісі Еркінбек Ісәмов жерді жалға беруге мүлдем қарсы. Ол өз ойын былай түсіндірді: «25 жылға емес, тіпті 10 жылға жалға беруге де өз басым қарсымын. Жерді өз азаматтарымызға сатуды да тоқтата тұру керек. Өйткені, бізде кемшілік, заңбұзушылық болып жатыр. Сол үшін жауапқа тартылып жатқан адамдар да бар».

«ҚАДАҒАЛАУ ҚАЖЕТ»

Жер сатылмауы керек, жалға беру мерзімі қысқа болуы тиіс. Эколог Мәлс Елеусізовтің пікірі осындай.

Мәлс Елеусізов: «Мен ауылда өстім. Сол себепті ауыл шаруашылығы мәселесін жақсы

білемін. Жерді жекеменшікке сатуға жол беруге болмайды! Ал жалға беру мерзімі қысқа әрі ол мемлекеттің қатаң бақылауында болуы тиіс. Жерді жалға алушыларды және жердің пайдаланылуын қатаң бақылайтын арнайы орган құрылуы тиіс», — дейді.

«ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНСЫН»

Осы отырыста тың идея көтергендердің бірі — шаруа қожалығының иесі Қыдыржан Байбауылов. Ол бір уақытта бірнеше өңірде жер телімін сатып алу

мүмкіндігін шектеу керек деп есептейді. Оның айтуынша, жерді жұмыс істеуге қабілетті, нақты шаруаға ғана беру керек.

«Шаруа бірнеше облыста бірнеше жерді сатып алған кезде мәселе туындайды. Мұны шектеу керек деп есептеймін. Алдымен адам тиімді жұмыс істейтінін дәлелдеуі тиіс, содан кейін ғана екінші, үшінші жерді сатып алуға мүмкіндік беру керек. Содан кейін, малы бар адамның жайылымы болмай қалып жатады. Оларға мүмкіндік беріп, жайылым жерді мемлекет толығымен бақылауға алуы қажет».

«ЛАТИФУНДИСТЕРГЕ ЖОЛ ЖОҚ»

Комиссия мүшесі Мұхтар Тайжан жиынға келмес бұрын жергілікті




дикандармен кездесіпті. Ол солардың ұсынысын былай жеткізді: «Мен бір қарапайым нәрседен бастасам. Комиссия




АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жалпы егістік көлемі — 931,2 мың га



■ дәнді дақылдар
■ қант қызылшасы
■ картоп, көкөніс және бақша дақылдары

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд. теңге



■ өсімдік шаруашылығы
■ мал шаруашылығы



ауданның өкілі жерді жекеге де беруге болатынын айтты. Ал жалпы бәрі дерлік жерді шетелдіктерге жалға беруге қарсы екендерін айтты. Алқалы жиында әрбір қойылған сұрақ жауапсыз қалмайды. Жер комиссиясының мүшелері осыны айтты. Ол үшін жұмысты жүйелей түсу — басты мақсат. Ендігі жер комиссиясының отырысында Асқар Мырзахметов жетекшілік ететін болады.

Біраз мәселенің анық-қанығын ашып алған шаруалар мен комиссия мүшелері келесі жиынды әр сенбі сайын емес, екі аптада бір рет өткізіп тұруға уағдаласты.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Ажар ЖАНБОЛАТ,
Алматы облысы

Мерей

Осы орайда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын өткізу дәстүрлі үрдіске айналды. Бұл байқау ауыл-аймақта сыйлы, құрметті, үлгілі деген отбасыларын көпшілікке таныстырып, олардың отбасындағы жетістіктерін насихаттау арқылы қоғамды кайырымдылық пен еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Сонымен, осымен үшінші рет өткізіліп отырған ұлттық байқаудың Алматы облысындағы жеңімпаздары кімдер?

Биыл да өз жалғасын тапқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде бірінші орынды Талғар ауданында тұратын Ақанаевтар отбасы жеңіп алды. Олар суретшілер



Жетісудың үлгілі отбасылары

династиясы. Әке-шешесі, бала-шағасы, қыл аяғы немерелеріне дейін қылқалам шеберлері. Отағасы — Амандос Ақанаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әдебиет және көркемөнер саласындағы еңбегі үшін мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағы берілген. Амандос Ақанаев республикалық және халықаралық көрмелерге қатысып, көптеген жүлделі орындарды иеленген. Оның суреттері Қазақстанның, Ресейдің, АҚШ, Лихтенштейн, Франция, Германия т.б. мемлекеттердің ірі музейлеріне қойылған. Жұбайы Бүбә Нәлли Витальевна, балалары Руслан, Ботакөз, немерелері Мұхит Мырза Али Ақанай, Аспарух, Рада, Александра, Глеб өнер адамдары, өз ісінің нағыз шеберлері.

Белгілі суретші Амандос Ақанаевтың пікірінше, отбасы тәрбиесіндегі басты ұстаным — ата дәстүрді сақтап, ата жолымен жүру.

Амандос АҚАНАЕВ, суретші:

— *Менің ата-анам да қолөнер шеберлері еді. Сол шеберлік қан арқылы баласына өтті. Бізден балаларға, немерелерге беріліп отыр. Суретшілердің өмірі өте қызық болады. Мен қазір 68-ге толдым. Соның 55 жылын осы шығармашылыққа арнаппын. Құдайға шүкір, Алла тағала осындай талант берді, сана берді, түйсік берді.*

Қазір Қазақстанда өнерге баулитын мектептер көбейіп барады. Кезінде біз 250 балаға мастер-класс өткізетінбіз. Сонда бәзбіреулердің «Қазақтың бәрі суретші болып кете ме?» дегені бар. Ол жақсы ғой, олар атом бомба жасап жатқан жоқ. Олар өнер тудырып жатыр. Өнер болса, адамды тазалыққа, әдемілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Отбасылық құндылықтарды сақтау ата жолымен жүру, ата дәстүрді сақтау деген сөз. Біз, қазақтар, Тәңірлі рухтың иелеріміз. Сол рухты жоғалтпауымыз керек.

Суретшілер династиясымен қатар бірінші орынды Қапшағай қаласынан Угничевтер отбасы да иеленді. Угничевтер отбасы — жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, тағдырдың ауыр соққысына тап болған 17 баланы тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Олардан бөлек, өздерінің екі баласы бар. Балаларының алды студент болса, кенжелері үш жасар бүлдіршіндер. Он тоғыз баланы бағып-қағып, мейірімі мен қамқорлығын көрсетіп отырған бұл отбасы осындай тәуекелшілдігімен өзгеше үлгі. Байқаудың екінші орын жүлдесі үш бірдей отбасына бұйырды. Оның бірі — Сарқан ауданында ауыл шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосып келе жатқан, жердің төсін тел емген Блескелдиновтер отбасы болса, енді бірі Ұйғыр ауданынан жылқышылардың отбасы Исакан Бағбаев. Ал үшіншісі Енбекшіқазақ ауданынан Шоқпаровтар отбасы — елімізде және шетелдерде танымал әйгілі қолөнер шеберлері династиясы. Халқымыздың дәстүрлі қолөнерін

Отбасын шағын мемлекет деп алатын болсақ, онда тәрбиеленетін әрбір адам қоғам дамуына әсер етеді. Дана халқымыздың «Отан – отбасынан басталады» дейтіні содан. Шаршы топта сөз бастаған шешен де, өмірдің өзін көркем бейнеге айналдыратын сұңғыла суретші де, көркемсөзді жанына серік еткен ақын да, ел басқарған әкім де, тіпті айналасына шуақ шашып жүретін ақ жүрек жандар да отбасы деген шағын мемлекеттен түлеп ұшатыны белгілі. Олардың кетігін тауып, дүниенің бір шетіне қалануына ықпал ететін де отбасындағы тәрбие мен қалыптасқан дағды. Сондықтан, отбасы, ошақ қасында тәрбие қалай болса, ұрпақ болашағы да солай болып қалады. Тоқтерері, ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Дәл осы себепті отбасы құндылықтарын дәріптеу, адамгершілік, ізгілікті, көркем мінезді ұрпақ бойына дарытуға мемлекет те мүдделі.



жанын арашалауға жұмсаған Маралбек Білісбекұлын тәрбиелеген көпбалалы, үлгілі отбасы. Үшінші орынның үшінші иегері болса, Талдықорған қаласында тұратын спортшы Қожахметовтер отбасы.

Облыстың үлгілі отбасыларын Алматы облысының әкімі **Амандық БАТАЛОВ** марапаттады. Өңір басшысы өзінің құттықтау сөзінде:

«*Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтан тұтамын. Сол үшін бас иемін» деген сөзі әр отбасына арналғандай. Халықты шексіз сую қасиетті шаңырақты құрметтеу басты парызымыз. Отбасы — мемлекеттің бір бөлішегі. Елбасының бастамасымен өтіп отырған бұл байқау отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған», — деп атап өтті. Бірінші орынға бір миллион теңге ақшалай сыйлық, екінші орынға 300 мың теңге ақшалай сыйлық берілді. Марапаттау рәсімінен*

кейін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен сөз алып, еліміздегі отбасылық саясат жөнінде айтып берді.

Ләззат СҮЛЕЙМЕН, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары:

— *Біздің елімізде 4 миллион 700 мыңнан астам отбасы бар. Жылына 400 мыңдай бала дүниеге келеді. Бұл цифрлар елдің демографиялық ахуалы түзеліп келе жатқанын көрсетеді. Отбасылық саясатқа байланысты елімізде үлкен әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттерге тату-тәтті отбасылық қатынас, денсаулық, материалдық жетістік, және тағы басқа адамдарға*



қажеттіліктерді қалауына қарай орналастыру ұсынылды. Сауалнамаға қатысушылардың 80,3 пайызы бірінші кезекте тату-тәтті отбасылық қатынастарды, содан кейін денсаулықты, содан кейін материалдық жетістікті таңдаған. Яғни қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін басты құндылық, тұрақтылықтың негізі — тату-тәтті отбасы деген түйін жасай аламыз. Сонымен қатар қоғамда орын алып отырған жас отбасылардың ажырасуы, тастанды балалардың тағдыры, тұрмыстағы зорлық-зомбылық сияқты келеңсіз фактілердің барын, бұл қоғамды алаңдатып отырған кеселдің алдын алу, қалыптасқан дәстүрден арылту осы отырған әрқайсымыздың парызымыз.

Отбасы — бақыт. Бақыт — отбасы. Екеуі егіз ұғым. Екеуі бір-бірінсіз өмір сүрмейді. Бақытқа жету дегеніміз — отбасының төрт құбыласы тең, керегесі кең болу.

СЕРПІН

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

ҰЛП



Алматы облысында биыл 214 «Алтын белгі» иегері өз білімдерін дәлелдеді. Бұл үміткерлердің 58,7 пайызы.

214 – «Алтын белгі»

Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағында облыс әкімі Амандық Баталов «Алтын белгі» иегерлерін құттықтап, түлектерге тиесілі төсбелгілерді өз қолымен табыстады. Осы салтанатқа орай, саябақ алаңы әсем безендірілген. Үлде мен бүлдеге оранған түлектер он бір жылдық үздік білімдерін дәлелдеп шыққанына бек риза һәм аса қуанышты. Бөрінің жүзінде шаттық, көңілінде қуаныш, өздерін бақыт тербеп тұр. Аландағы барлық сән-салтанат тек олар үшін. Осынау мамыражай сәтте сахнаға кешті жүргізушілер



көтеріліп, түлектерді марапаттау тізгінін өңір басшысына ұстатты. Мінбеге көтерілген облыс әкімі Амандық Баталов мектеп бітірушілерге «сендердің шыққан биіктеріне бәріміз қуанамыз» дей келе Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Кез келген ел өзінің келешегін өскелен ұрпағымен байланыстырады. Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады»

деген сөзін мысал ете отырып, елдің ертені мен болашағы білімді ұрпақтың қолында екенін айтты. Өңір басшысының құттықтау сөзінен кейін «Алтын белгі» иегерлерін марапаттауды бастап кетті. Барлық 214 түлектің кеудесіне Амандық Ғаббасұлы асықпай төсбелгі қадап берді. Арнайы сыйлықтарын, гүл шоқтарын беріп, әрқайсымен суретке түсіп тұрды. Білімді жастарға деген ықылас пен құрмет әкім лебізінен де байқалды. Салтанатты кеште түлектер бейбітшіліктің, тазалықтың, пәктіктің символы болған көгершін ұшырып, вальс биледі.



Биыл облысымызда 13323 оқушы мектеп бітірді. Олардың 9576-ы қазақша, 3113-і орысша, 634-і ұйғыр тілінде білім алған. «Алтын белгі» белгісіне үміткер — 364 түлектің 214-і өз білімдерін дәлелдеген. Былтыр көрсеткіш төмен болған. 2015 жылы 349 «Алтын белгіге» үміткердің 191-і білімдерін растаған. Биылғы нәтижеде прогресс бар.

Биыл Үздік аттестатты мектеп бітірушілердің 171-і иеленген. Облыс бойынша Ұлттық бірыңғай тестін орташа балы — 80,0. ҰБТ қорытындысы бойынша ең жоғарғы балл — 124. Ол Кербұлақ ауданы Қарашоқы орта мектебінің оқушысы Талшын Чукаеваға тиесілі. 123 балды 4 түлек — Жұлдыз Балтаұратова, Аружан Есентұр, Юлия Сабирова, Зарина Төлегенова көрсетті.

Облыс бойынша ең жоғарғы балдық көрсеткішке ие Талшын Чукаева өзінің үш жаста әріп танығанын, бес жаста кітап



оқығанын айтады. Ол ҰБТ-де тандау пәні ретінде ағылшын тілін тандаған. Мектеп бітірушінің айтуынша, ағылшын тіліне деген қызығушылығы кітап оқып бастаған бес жасынан пайда болған. Алғашқы оқыған кітабы ағылшын тіліндегі ертегілер жинағы екен. Болашақта еліміздің атынан келіссөзге баратын дипломат болғысы келетінін айтады Талшын. Арманына жет, Талшын қыз!

Бетті дайындаған Шынарғұл ОНАШБАЙ, Алматы облысы



Спорт десе ішер асымды жерге қояр басым, ес білгелі оған жанкүйер болып жетіке тоздырған жасайым бар. Барым да, бағым да сол болып, қызметті де спортпен ыңғайластырғанымға тәуба деймін.

Енді, міне, сол «сормандайым» жемісін беріп, «Қазақ спортының қалтарыстары» атты тақырыпта кандидаттық дессертация қорғап қопандап отырмын.

Кандидаттығымда негізінде спортымыздың қалтарыстарын, яғни «әттеген-айларды» талдап таразыға салдым.

Мәселен, біздің күрес пен бокстан нәтижелерге жетіп жеңімпаз болуымызды ата-бабамыздың жауы көп болып, ылғи ат үстінде аттандап өткенімен байланыстырдым. Оған дәлел-деректерім жетіп артылды.

Ал футболдан ойсырап ұтылып, бұл саладан бағымыздың башпайдан өрлемеген себебін тәптіштеп түсіндіруім кандидаттығымның негізгі тарауы болды десем болады. Бір сөзбен айтсам, доп қуудан жолымыздың болмауы — бұл да ата-бабаның екі аяқты жерге тигізбей ылғи ат үстінде салбыратып қоюыменен байланыстырдым. Көшпелі халық, ылғи ат үстінде көшіп қонды. Малын бакты, ылғи да ат үстінде айдақтаумен болды. Қала берді, той-домалақта да атын тақымынан тастамады: көкпар тартты, бәйгеге шапты — баяғы екі аяғы жерге тимей желпілдеумен-ақ болды. Ғасырлан-ғасырға жер иіскемей көбінде ат үстінде салбырап келген «аяқтан» кайбір футболшы шықсын... Ал заман өзгеріп, тыр-тырлап техника келе қалғанда, аттан аунап түсіп техниканың құлағына жармастық... Баяғы үзенгіде шіренуді ғана білетін екі аяқ, енді газ бен тормозды басумен ғана шектелді. Пай-пай-ай, баяғыдағыдай көршінің үйіне көлікпен бару әдетімізден арылмадық.

Не керек, кандидаттығымның негізгі тарауында аяғмыздың алқа-қотан «тарихын» талдап айтып дәлелдеп бактым. Бұным көп көңілден шығып, қорғауымның қорғаны бола білді.

Тарауымды «2010 жылғы әлемдегі ең әдемі гол түріктердің Қазақ қақпасына соғылған гол болғанын» айтып түйіндедім...

Қорғауым қысқа кайырымасын деп, спортымыздағы басқа да «әттеген-айларды» да айтып қалдым. Мәселен, көкпарымыздың қырғыздардың қанжығасында кеткенін келтіріп қынжылыс білдірдім... «Қазақша күрестін» бағы ашылмай бақшамыздан әріге бара алмағанын ашына айттым. Бір кездері бүтін бір қой былай тұрсын, тай етін жеген ұрпақ өкілі бола тұрып, осы «спортымызды» алаңға шығара алмағанымызға өкініш білдірдім.

Көпшілік қауым, өз басым кандидаттығымның қорғалғанына аса ризамын! Ал бұнымды, яғни кандидаттығымның мазмұн-мәтінін ортаға тастап одырандап отырғаным — қазақ спортының бұдан басқа да сормандай себеп-салдарлары барын, сіздер де білесіздер! Сондықтан, сіздер де соларды айтып, пікір білдірсеңіздер, құба-құп болар еді! Бұныңыз қазақ спортына жаны ашығандықтын жарқын көрінісі деп білемін!

Ал сіздерден жинақталған дерек-дәйектердің басын қосып, сараптап-сұрыптап барып, өз басым докторлық қорғап айды аспанға бірақ шығарайын деп отырмын...

Берік САДЫР,
Астана



Футболдан диссертация қорғадым

Бәрі рейтингке байланысты

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық QS (Ұлыбритания) рейтингіндегі жетістіктері алыс-жақын шетелдердегі көптеген университеттердің қызығушылығын арттырып отыр. Шетелдік әріптестердің сапары соған дәлел.

Ресейдің Оңтүстік Орал мемлекеттік университетінің ректоры Александр Шестаковтын басшылығымен келген делегация ҚазҰУ-дың нәтижеге бағытталған басқару (НББ) қызметін жоғары бағалады.



Аталған жүйе негізінде оқытушылар мен қызметкерлердің жұмысын рейтингтік бағалауда ікемді жүйе енгізілген. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов өз кезегінде бірлескен

жұмыстың мүмкіндіктері мен бірінші кезекте орындалатын жұмыстың тізімін айқындады.

Кездесу соңында екі жақ «Жылуэнергетика» мамандығы бойынша қосдипломды білім беру бағдарламасы аясында келісімге қол қойды. Сонымен қатар тіл үйрену, соның ішінде қазақ тілі мен ағылшын тілін жетілдіру мақсатында шетелдік студенттермен алмасуға келісіп, бірлескен жаңа жобаларды қолға алу мәселелерін талқылады.

Белгілі тележурналист, «Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты Оразалы Баймұратқа бауыры

МАРАТТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Курстас достары

Дозал жан

Арада 16 жыл өткенде 1965 жылы ауданға жас оташы келіпті дегенде елең етпедік. Себебі елуінші жылдың аяғында оқуды жаңа бітірген дәрігерлер, соқырішекке ота жасаймыз деп, үш бірдей азаматты опат етіп еді. Бимағанбеттің алғашқы отасы сәтті өтіп, жұрт көңіліне дәрігерге деген сенімділік ұялады. Ол 1968 жылы ауданның бас дәрігері әрі оташысы болып, ұзақ жылғы еңбек жолын бастап кетті. 1975 жылы жоғарғы санатты хирург атағына ие болды. 1976 жылы одақтың «Денсаулық сақтаудың үздігі» — төс белгісімен марапатталды. 1980 жылы 8 мыннан аса күрделі ота жасауына байланысты «Қазақ ССР еңбек сіңірген дәрігері» атағы берілді. Жиырма жыл оташы болып істегенде өзіне



тең әріптес болмады деу күпірлік болар, артынан талай талантты жастар ерді. Биағанның озат ұстаханасынан тәжірибе жинаған жас мамандар, биік самғау үшін үлкен қалаға аттанатын.

2004 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, зейнетке шыққан Биағаны, адам тағдыры үйде отырғызбады. Жерлестері: «Бар үмітіміз сізде, сіз бармасыңыз болмайды, ең болмаса ота жасағанда ақыл айтып тұрыңыз», — деп қолқа сағанда үйде шыдап отыра алмады. Жұмысқа қайта шықты. Тын игерудің 25 жылдығы, Қазақстан

1949 жылдың қоңыр күзінде қатарластарыммен бірге мектеп табалдырығын аттап едім. Тұлпар болар ат тайынан белгілі дегендей Бимағанбет оқуда алғыр озат болды. Өмір ағысы әрқайсымызды әр арнаға әкетті.

тәуелсіздігіне 10 жыл, 2013 жылы Аманкелді ауданының «Құрметті азаматы» Бүкіл дүниежүзілік медициналық энциклопедияға енген дәрігердің бірі. Ақ халатты абзал азамат биыл 75 жасқа толғалы тұр. Бұған дейін осындай оташылық ұзақ ғұмырды тек қана атакты академик Аносов қана жасап еді. Ол кісінің 85 жасқа толғанша қолынан қандауыры түспеген болатын. Соның жолын ардақты дәрігер Бимағанбетке тілеймін!

Тұрысбек
ІЗТІЛЕУҰЛЫ,
Ауылдық ақсақалдар
алқасының төрағасы

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырас — №2104;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырас беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар.